1931-1932 жылдары елді жаппай ашаршылық жайлап, байтал түгіл бас қайғы деген заманда дүниеге келіппін. Қамбар руының ағайынды Қосбай мен Есбайдан тараған әкемнің біраз немере ағайындары малға жайлы, шөбі шүйгін Жарлы өзенінің бойын мекендепті. Мен туған кезде колхоздастыру науқаны жүріп жатқан кез екен, аудандық милициядан екі аттылы кісі келіп, әкемді бай-құлақтың тұқымы, малы көп, малай жұмсайды деген айыппен тергеуге Қарқаралыға жаяу айдап әкетеді. Азын-аулақ мал жиып, тәуір бөрік киген кісіні қанағыш, үстем тап өкілі деп жирендірген заманның талай жазықсыз жандарға жапа шектіріп түбіне жеткен зобалаңының аяусыз құрығына ілінген әкем кетіп бара жатқанда шешеме: - Заманның беті жаман. Осы кеткеннен кайтамын ба, қайтпаймын ба, білмеймін, баламның атын Алшынбай қой, - деп айтуға ғана үлгерген екен. Оның мәнісін кейін мен есейгенде айтып бергені бар. Әкем сол кеткеннен 2-3 айдан соң әйтеуір сәті түсіп, ақталып аман-есен қайтып келіпті. 50 шақты қой, жиырма шақты жылқы, он шақты сиыры аралас ірі қарасы бар әкем өзінің ағайын-туыстарына ғана емес, менің шешемнің туыстарына да қарасып, ашаршылықтан аман қалғандықтарын туыстар ризашылықпен айтып отыратын. Ал қолындағы бар асыраушысы күнкөріс малынан айырылғын елді жаппай аштық жайлап, Голощекиннің қанды қолымен миллиондаған қазақтың өмірін жалмағандығына тарих куә. Қазақстанның билігі қолына тиген Голощекин коллективтендіру саясаты мен мемлекетке ет тапсырудың сталиндік жоспарын сылтау етіп, қазақтың күнкөріс көзі болып табылатын малын түгел өкіметке өткізуге мәжбүр етті. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген голощекиндік ұранмен ауылдарда тігерге тұяқ қалдырмады.

Сөйтіп, мен туған жылы қазақ жерінде алапат аштық орнап, халық қырыла бастайды. Сол кездегі мұрағат деректері адам айтқысыз деректерді көз алдымызға әкеледі. Төрт жасқа дейінгі балалардың жаппай қырылғаны жөніндегі деректер жан шошырлық. Толық есебі жоқ деректердің өзінде қазақ халқының 1 млн.750 мыңы аштықтың құрбаны болған. Бұл нәубеттің қасіретін тартпаған бірде-бір қазақ ауылы, бірде-бір отбасы қалмаған.

Менің алдымда туған 7-8 бала індеттен шетіней берген көрінеді. Кейінгілерінің есімдері Саумалкөл, Тұрсын болатын. «Жұт жеті ағайынды» дегендей ол кезде ел ішінде неше түрлі жұқпалы аурулар көп және тез тарайтын. Дәрігер деген атымен жоқ. Мен туғанда ырым етіп, кіндігімді ауылдағы баласы көп Оразбек деген жақын ағайынымыз болатын, сол кісіге балтамен кестіреді.

1936-1937 жылдары латынша шала хат танитын әкемді жаңадан құрылған

Қарасу колхозына бастық етіп жібереді. Ол кездегі халықтың жағдайы қиын. Колхозға қарсы, өкіметке қарсы деген желеумен жазықсыз жандарды «халық жауы» деп айдап кетіп жататын. Олардың ішінде менімен педучилищсдс бірге оқыған Мағауия Мақышевтің, мединститутта бірге оқып, өкінішке орай өмірден ерте кеткен Манаш Кәрімовтың әкелері бар. Ол кісілер сол кеткеннен оралмады. Адамдар бір-бірінен қорқып, ел ішін үрей билегені соншалық, есік-терезелерін жауып алып отыратын.

Ес біле бастаған кезде байқағаным: әкемнің қолынан келмейтіні жоқ, ағаштан түйін түйетін бесаспап шебер, аяқ-табақ, қасықтан бастап, күбі, бесік, балта, шана, арба, кәшәуа (кошовка) басқа да үй тұрмысына, шаруа қажетіне жарайтын заттардың барлығын ерінбей-жалықпай өз қолымен жасайтын. Ол кезде дүкен деген жоқ, тұрмыс заттарын ел тек жекелеген шеберлердің қолынан ғана алатын. Әкем үлкен-үлкен ағаштарды таудан атпен сүйреп әкелетін. Оны аршып, кептірген соң шабуға кірісетін. Бейнеті көп осындай жұмысқа жегілген әкемнің ертелі-кеш ерінбейтін төзіміне таң қалушы едім. Әкем алғашқыда «Өнер» колхозы құрылғанда бригадир болып жұмыс істеді. Бір ауылдан он бірдей балташы шебер шыққандықтан колхоздың аты «Өнер» деп аталыпты. Олардың ішінде әкеммен немере ағайындас Мұқажан, Құдайберген, Байдүйсен, Сапар, Құсайын ақсақал деген кісілер болған. Солардың арасында су мен желді пайдалану арқылы жасалған диірменнің пайдасын ел ұзақ жыл көрді. Кейін бұл колхоздың аты Қаратал, Сталин, Бесоба, Тегісшілдік болып бірнеше рет өзгертілді, қазір қазақтың тұңғыш ғарышкері, батыр бауырымыз Тоқтар Әубәкіров атындағы ауыл.

Еті тірі, аздап сауаты бар, артық сөзге жоқ, ұстамды мінезді әкем елге сыйлы адам еді. Осы колхозға орын тепкен соң әкем үй салды. Шағын тоқал тамда менің балалық шағым өтті. Менен кейін Күләнда, Бақтылы атты екі қарындасым дүниеге келді. Бір-бірімізге сүйеу-демеу болып жүріп, олар да бой жетіп, кейін тұрмыс құрып, орындарын тапты. Қазір Алматыда тұрады, екеуі де балалы-шағалы, өсіп-өніп, немере-шөбере сүйген әже болды.

Есімде қалған тағы да бір оқиға: соғыс кезінде «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен майдан жауынгерлеріне көмек беру ісі толассыз жүрді, ауданнан уәкіл, комиссия дегендер халықтан жиі-жиі есеп алып, майданға кімнің қандай үлес қосып, не беріп жатқанын тексеріп тұрады.

1943 жылы әкем майдан жауынгерлеріне танк құрастыруға арнап өзінің есебінен жиырма бір мың теңге берді. Жиырма бір мың теңге екі қап ақша болады екен, мен ол кезде мектепте 3-сыныпта оқып жүрген кезім, мен жазып отырдым әкем санады, ол кісі санды жатқа білетін. Байсеркеұлы Рақыштың өзінің жеке есебінен майдан жауынгерлеріне жиырма бір мың теңге аударғаны

жөнінде кезінде аудандық, облыстық газеттер сүйіншілеп жазып, Қазақстанның Орталық Партия Комитеті мен Қарағанды облыстық партия комитеті тарапынан мынадай жедел алғыс хат алған еді: Бригадиру колхоза «Тегисшилдик» тов. Байсеркину:

*Примите от меня горячий привет товарищ Байсеркин за отчисление от своих личных сбережений 21 тысячу рублей на строительство танковой колонны. Секретарь ЦК КПбК Казахстана Скворцов (Алматы, 7111-38 6/1 5-35).*

* * *

*Карагандинский обком КП(б) Казахстана горячо приветствует и благодарит Вас товарищ Байсеркин за проявленную заботу об усилении технически мощи нашей доблестной Красной Армии тчк внесенные Вами 21 тысяча рублей из личных сбережений на строительство танковой колонны является ярким проявлением Вашего высокого долга перед Родиной. Секретарь Карагандинского обкома партии Мельников (Караганда, 7/6804-56-30-50).*

Әкемнің мен білген тағы бір қасиеті ешуақытта мен сөйтіп едім деп кеудесін ұрып мақтанып, мастанып көрген емес.

А. Рақышұлының жеке мұрағатында Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің 1955 жылғы 7 тамыз күнгі №155 (6087) саны сақталыпты. Қарқаралы ауданындағы Сталин атындағы колхоздың жүгері өсірушелер звеносының жұмысы жөніндегі «Жайқалған жүгері» атты мақалада Рақыш ақсақалдың мынадай бір сөздері бар:

*«Мен ежелден егінмен айналысқан адаммын. Ана бір жылдары бидай мен тарыдан көп өнім алганымыз үшін көрмеге де барып едік. Тәжірибең мол еді ғой, биыл осы жүгеріні өсіріп көр, деген соң тәуекелге бел байлап, тастүйіліп кірісіп отырмыз. Қанша түсетінін қайдам,- деп сыпайылық көрсетті қарт.*

- *Дегенмен, көзіңіз таразы, көңіліңізге қанық қой.*

- *Бидай мен тары бас жарғанда, қанша түсетінін дәнінен айыра қоюшы едік, ал жүгерінің түсімін білу сабагына шыққан собыгына байланысты көрінеді. Соған қараганда мына биік сабақтың әрқайсысына әлденеше собық қаптап шыгып келеді, білетіндермен әңгімелескенімізде, әр собықта 600- 700 дән болады екен, олай болса, гектарына ең кем дегенде 60 центнерден астық алуды қамтамасыз етеміз деп отырмыз.*

*Бұл айтып отырғанымыз Қарқаралы ауданындағы Сталин атындағы колхоздың жүгері өсіруші звеносының бастығы Рақыш Байсеркин жолдас. Шынында да, оның күтіп-баптаған жүгерісі өте бітік шықты. Арам шөбін*

*отау, түптеу, сұару жұмыстары дер кезінде, сапалы жүргізілген. Рақыш отағасының өзі айтқандай өнімнің мол алынатыны сөзсіз».*

Осы мақаладағы бір-ақ үзік көрініс көп жайтты аңғартып тұрғандай. Тәжірибелі диқанның өзіне артылған ел сенімін ақтау үшін үлкен жауапкершілік сезінгені аңғарылады.

Еңбек десе жанын беретін әкесі қандай істі қолына алса да нәтижесі ойындағыдай болғанша тыңбаушы еді, өзіне ғана емес, өзгелерге де талап қоя білетіндігінің, табан ет, маңдай термен келетін адал еңбегінің арқасында ауылдастары мен замандастарының шынайы құрметіне бөленді. Тіпті бидай ұшырып тазалайтын қырманды да замандастары «Рақыш қырманы» деп бертінге дейін атап жүрді.

***Уа, кең дүние, дүние!***
***Бәріміз де бағынамыз бір Алланың ісіне.***
***Мәңгі бақи тыныштықта денелері жатыр ғой,***
***Ата-ана, әке-шеше, аға-іні, бауырлар,***
***Туған жердің топырағын жамылып,***
***Қамбарлардың төрінде!***

***А.Р.***
***Қыркүйек, 2015.***



Әкем 20 жасында үйленбекші болып, жақын жердегі ауылдардан қалыңдыққа қыз іздейді. «Қарасу колхозында Игібай дегеннің 13 жастағы қызы бар екен» дегенді естіп, бір-екі досымен бір тойды сылтауратып көруге келеді. Қызды бір көргеннен ұнатады. Ол көргенде шешең талшыбықтай майысқан, шашы тобығына түскен аққұбаша, нәзік те әдемі қыз екен. Келген соң жеңгелеріне сол қызға үйленбек ойын айтады. Құда түсуге дайындалады. Құда жолына арнаған дастарқаны мен көйлек-көншек, шапанын алып құдалыққа барғандарда қыздың әкесі қырсығып ризашылық бермейді. Сондағы айтқан сылтауы: «жалғыз қызымды жарымаған кедейге бермеймін. Менің қызым тұрмыс-жағдайы түзу, ауқатты жерге бару керек». Жолдары болмаған құдалар амалсыз келген жолдары мен қайтып кетеді. Осы оқиғадан кейін де әне-міне дегенше бір-екі жыл өте шығады. Отағасы ойлана бастайды. Қолындағы жалғыз байлығы-қызына құда түсушілер жоқ. Түсіп келген біреуінің өзі соры қайнаған кедей болып шықты. Есі барда елін тауып, туған жері Балқаш бойындағы Тоқырауынға көшпекші болады. Ол жақтың топырағының құнары өзгеше, бидайы баданадай болатынын айтып, туған жерін сағынып жүргеніне де көп болған.

Ертең көшеміз деген күні мен әкеме хабаршы жібердім. Өйткені әкеңді іштей ұнатып жүретінім рас еді, әлі үйленбегенінен де хабарым бар. Біртоға, артық мінезі жоқ, өз ісіне берік, он саусағынан өнер тамған жігіттің мақтауын ел де жеткізіп жататын. Қызыма өмірлік серік болуға лайықты көріп, шын тілеуін тіледім. Хабар алған әкең, таң ата не де болса, берсе - қолынан, бермесе жолынан әкетпекші болып атқа қонады. Біз киіз үйді жығып, буынып-түйініп бола бергенімізде жетіп келді. Сау ете түскен жігіттер ай-шайға қаратпай Игібайдың қол-аяғын байлап арбаға таңды да тастады. Қызды іздесе жоқ, әрі-бері қарап кебеженің сыртында қылтиып шығып жатқан көйлегінің етегінен тауып, алып қашады. Қыз ұрлағандар кете салысымен, аттандаған Игібайдың дау сын естіп, жүгіріп келген көршілер отағасының қол-аяғын шешіп босатып алады. Қызын өзі ризашылығын бермеген адамның көз алдында көзін бақырайтып қойып ұрлап, әрі өзін байлап-матап арбаға таңып кеткен бассыздықтарына күйіп кетіп: «Осы бәле сенен келді. Сен болмасаң қайдан білетін еді менің көшетінімді?» деп дүлей ашуына ие бола алмаған қалпында маған қарай қынында жүрген пышағын сілтеп кеп қалды. «Сол күннен қалған белгі осы, сен үшін, Алшыкенім үшін пышаққа түстім ғой, құлыным. Тәуба, көрсететін жарығың бар екен. Қайта пышақ қабырғаны жанай тиіп, 4-5 қабырғамның етін тіліп кетті. Сүйегі аман қалды әйтеуір, әйтпегенде не боларын бір құдайдың өзі ғана білер еді,-дейтін байғұс апам. Иә, апам болмағанда әкем мен шешем қосылар ма еді, қосылмас па еді, олар қосылмаса

мен дүниеге келер ме едім, келмес пе едім, оны бір құдайдың өзі ғана білер еді ғой. Менің білетінім-апамды жанымдай жақсы көрдім; апамның да мен дегенде шығарда жаны ғана бөлек болып еді, марқұм.

- Нағашымның ашуының қаттылығына есейген кезде өзім де бір рет куә болғаным бар, - деп күліп есіне алады Алшекең.

- Калинин колхозында оқып жүрген кезім. Каникул кездерінде нағашыларымның ауылына келіп тұрамын, әдеттегідей төбелеріне көтеріп алады. Әсіресе қысқы каникулдың кезінде. Соғымның уақытында көңілі жақын ағайындар мен замандастар бір-бірін кезекпен соғым басына шақырысып, сый-сыбаға беріп жатады. Менің нағашыларыма келуім қашан да бір кіші-гірім тойға айналатын. «Бұл жолы да Алшыкен келді, домбырамен әнін тыңдаймыз» деген сылтаумен, менің төбемнің көрінуін аңдып жүретін замандастары кешке таман малдарын жайғастырған соң жиналып қалды. Әңгіме айтылды, үлкен ағаш астаумен ет әкелінде, ет желінген соң құрт қатқан сорпа ішілді, әңгіме арасында мен домбырамен ән айтып беріп отырдым. Біраз әзіл-қалжың, әңгімемен отырған соң үлкендер батасын беріп тарасты. Олар кетіп болған кезде атам керегедегі қамшыны жұлып алып, апамды арқасынан салып қалғаны. Аяқ астынан оқыс болған жайға түсінбей, араша түсугеде де үлгермедім.

- Иттің баласы, ел-жұрттың алдында сен менің абыройымды айрандай төктің. Алшыкенім келгенде етке нан салғаның не? Осы үйде ет аз ба еді? Алшыкеннен қалған етті ит жесін - деп, ашу қысып өршеленіп бара жатқанда, қолынан шап беріп, - «Ата, қойыңыз, апамның жазығы жоқ», - деп зорға ашуын бастық. Сонда біздің жаққа етке нан салу деген әдет енді-енді ғана келе бастағаны екен.

Балалық шағымнан менің ойымда қалған бір сурет: менің төбемнен құс ұшырмауға бар нағашы апамның мені көру үшін екі күннің бірінде біздің үйге келіп тұратындығы. Тегісшілдік пен Қарасудың арасы 7-8 шақырым. Ауыл арасы жақын. Қара сиырын бас жібінен ұстап алып, өзеннен өтіп жаяулап келіп жүреді сонда. Қалтасына мен жесін деп піскен ет, бауырсақ, құрт, ірімшігін салып алады. Кейде біз шешем екеуміз оларға барамыз. Бір күні шешем тор биеге мініп, мені мінгестіріп алып нағашыларымның ауылында 2-3 күн қонақ болып кайтып келе жатқанбыз. Ауылдың шетіне жете бергенімізде бір топ шидің арасынан бір шіл пыр етіп ұша жөнелгені. Тор бие үркіп қалып, жалт бергенде, екеуміз екі жаққа жалп етіп ұшып түстік. Шешемнің денесі ауырлау еді, орнынан тұруға шамасы келмей жатса да, еңбектеп маған қарай келе жатыр.
- Құлыным-ау, Алшыкенім-ау, аманбысың, тірімісің, жарығым-ау. Ай-күннің аманында сенен айырылып қала жаздағанымды көрмейсің бе? - деп жыларман болып, мені бауырына басып, көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. «Құдайға мың

рахмет, сені сақтаған» деп дұғасын айтып, мені ұшықтап жатыр қайран анам. Ойлап отырсам, балалық шағымның ең қамсыз, қымбат та қимас сәттері аналарымның жанында өткен.

Нағашы апамның мен есейіп Қарқаралыдағы педучилищеде оқып жүрген кезімде де сыртта жүрген менің қамымды ойлап, қарны ашып, күйісі кетіп, жүдеп қалмасын деген уайыммен, өзінің үй-жайын, мал-жанын ұмытып, оқу бітіргенше менің қасымда болғаны күні бүгінгідей есімде. Әкем Бабин Шөрке деген тамыр орыстың тас қорасын жөндетіп, апам екеуміз тұратындай етіп жылылап, көрпе-төсегіміз бен ыдыс-аяғымызды әкеліп, ас-су дайындайтын қазан аспа жасатып берді. Менің сол кезде Қарағандыдан әкем әкеліп берген қалта сағатым бар еді.

Мақтанып қояйын, ол кезде менен басқа ешкімде ондай қалта сағат болған жоқ десем, өтірік емес. Сағатты апама қалдырып, апам түсінетіндей сабақтан қашан келетінімді ұзын тілі мен қысқа тілінің қай жерде болатынын сағаттың бетіне түкіріктеп қағаз жапсырып көрсетіп кетемін. Қарқаралы әжептәуір үлкен кент. Оқитын жерім біраз жерде. Апам тамақты дайындап, шайды қайнатып күтіп отырады. Сабақ күндегісінен 2-3 терде бітеді. Бір күні келсем тамақ дайын емес. Апам: «Ойбу, құлыным-ау, тамақ дайын болмай қалды. Мына сағатыңның тілі жылжымай тұр, не болғанын түсінбедім, қарның ашып қалды ғой, балапаным-ау, енді қайттім?» деп отты жағып жүріп, жылап жүр марқұм. Сөйтсем мен күндегі мезгілінде сағатты бұрауды ұмытып кетсем керек. Күнде алдымнан ішетін асымды дайындап, тосып отыратынына үйренген басым, бұртыңдап жүрмін апама. Жетпістен асқан апамды әбігерге салған сол балалығыма әлі күнге өкінемін.

Ең бір өкіништісі, ол кісінің өмірінің мағынасына балаған сүйікті қызы, менің анам Зейнеп өмірден ерте кетті. Ол кезде мен Қарағандыда мединституттың 2 курсында оқып жүргенмін. Күтпеген жерден «Анаң әл үстінде» деген жеделхат алып, төбемнен ашық күні жай түскендей болғаны күні бүгінгідей есімде. 1952 жылдың 8 наурызында анам қайтыс болды. Әлі қардың көбісі сөгілмеген уақыт. Сол жылы қар қалың болды, ауылмен екі ортада жол жоқ. Ат-шанадан басқа көліктің жоқ уақыты, оның өзі бірнеше күн жүретін жер. Мен жерлеуге үлгермедім. Маған енді оқудың да өмірдің де еш керегі жоқ сияқты. Мен үшін өмірдің бар қызығының есігі тарс жабылғандай қайғылы да қаралы күндер басталды. Осындай құлазыған көңіл күймен ауылға келіп, шешемнің топырағы кеппеген жас қабірін құшақтап, жер бауырлап күнде жылаймын. Әкемде менімен бірге келіп анадай жерде отырады, дұғасын оқиды, бірақ тіс жатыр ештеңе айтпайды. Әкемнің соншалықты беріктігіне, ұстамына ызам келеді. Маған анамнан кейінгі өмірдің ешбір жылуы жоқтай, өмірден баз кешіп, әкемді

де жек көріп кеттім. Сөйтсем, менің көңілім әбден суысын дегені екен ғой, қайран әкемнің. Іші қан жыласа да, мені қатайсын деп, сыртқа сыр білдірмей жүргені екен. Сол қайғылы күндерден қалған бір белгі менің жеке мұрағатымда сақталған анамды жоқтап жазған мынадай өлеңім екен.

***Аяулы анам ЗЕЙНЕП ИГІБАЙҚЫЗЫНЫҢ***
***дүниеден өткен күні***

***Мен не жаздым, құдай-ау, жалғыз қалдым,***
***Көпсіндің бе, анамды неге алдың***
***Айдың күні аманда арманда қып,***
***Зар қақсатып біздерді не қылғаның?..***

***Кеттің алыс келмеске, біздер қалдық,***
***Анасыз бұл дүние болар тарлық.***
***Сен тұрғанда, қамқоршым, уайымсыз ем,***
***Енді түсті басыма қу жалғыздық.***

***Сары уайым жаныма түсті батып,***
***Байланады ішіме мұздай қатып.***
***Ардан таза ақ сүтіңді ақтауға***
***Жеткізбейтін құдайға мен не жаздым?***

***Қош бол енді, қайтейін, қымбатты анам,***
***Есіне алып күңіреніп отыр балаң.***
***Іші-бауырым ортеніп күйіп отыр,***
***Не келеді қолымнан, бар ма шарам?***

***Өсіріп ең әлпештеп, жалғызым деп,***
***Иіскеуші едің жатқанда қарнымнан кеп.***
***Енді мені кім иіскер бұрынғыдай,***
***Отыр енді жалғызың уайым торлап.***

***Қош бол, менің қамқорым, жаным анам,***
***Сені ойласам дем алар ауа тараң.***
***Орныңды кеп сипалар, есіне алып,***
***Артта қалған үш жетім туған балаң.***

***Мен әзірше өзімді жубатайын,***
***Өлең айтып есіме түскен сайын.***

*Кім жұбатар сендерді, халің нешік,*
*Қос жетімек Бақтылы, Күләтайым.*

*Бауырым-ай, қайтейін, Бақытжаным,*
*Сен жассың ғой, не болар сенің халің.*
*Кәрі қойдың жасындай жасы қалған*
*Күңіренгені батады-ау кәрі ананың.*

*Өсіріп ең басымнан құс ұшырмай,*
*Дауыл соғып, уақыт болды осылай.*
*Құлағыма ызыңдап келіп отыр*
*Айтқан сөзің дейтұғын «жалғызым-ай».*

*Қымбатты анам, көру жоқ енді сені,*
*Заман қалай өзгерер сенсіз енді.*
*Борышымды перзенттік ақтай алмай,*
*Армандамын, көкірегім болар шерлі.*

*Тағыда қош! Сүйікті туған анам,*
*Есіне алып күңіренер туған балаң.*
*Сен кеткен соң дүниеде нелер болды,*
*Мен өлгенде өзіңе айта барам...*

***А.Р.,***
***1952 жыл, 8 наурыз***

Қаншама орны толмас қайғы, өзегіңді өртеген өкініш болса да, уақыт шіркін мойындатады екен. Біраз күнен соң есімді жинап, анамның соңында қалған тірілердің жайын ойлай бастадым. Мезгілсіз қайғы ешкімгеде оңай тиген жоқ. Қанатынан қайырылған құстай бір қабырғасы құлап әкем отыр. Әлі оң-солын тануға жетпеген екі қарындасымның күні не болады? Бөрімізден бұрын қартайған шағында жалғыз перзентінен айырылған апамның халін ойладым. Ана үшін перзентінен айырылудан ауыр қайғы жоқ болса да, сонда да өмірінің соңына дейін біздің тілеуімізді тілеп, шешемізден ерте айырылған біз сияқты жетімдерге қамқор болды. Апам анамнан кейін бес жылдан соң дүние салды. Алдың кеніш, артың пейіш болсын, жан апам!

Менің бұл өмірдегі ең аяулы да, ең ардақты жандарымның қос анамның мәңгілік мекендері Қарқаралы топырағында. Жер бесіктерің тыныш болсын, қос анам. Сендер менің мәңгілік сағынышымсыңдар.

***Есіме түсіп қос Ана,***
***Басыңа келдім тағы да.***
***Есейсем де ер жетіп***
***Іздеймін де сағына!*** - деген құлыптастағы жазу сендердің алдарындағы өтелмейтін перзентгік парызымның бір тамшысы ғана.

Ауылға барғанда бірінші қос анамның бастарына барып дұға етемін. Кейбіреулер «алдымен әкеңнің басына бармағаның қалай?» деп жөн үйретпекші болады. Менікі өзіме жөн. Аналарымның орны мен үшін қашан да бірінші тұрады. Ол менің әкемнің орнын төмендеткендігіммнен емес. Әкемнің өз биігі өзінде.

*(«Ізгілік тағылымы» атты ғұмырнамалық кітабынан)*

***Қайран ана, Қарт болсам да, сені іздеп сағынамын!***
***Амалым жоқ, Табиғаттың заңына бағынамын!***
***Артта қалған ұрпақтарың өсіп жатыр,***
***Соның бірі - ақ жарқын, ізгілікті***
***Әжесінің Зейнеп деген атын алып***
***Астанада той болуда ұлан - асыр!***

***Зор қуанышпен, Алшынбай атаң,***
***Сәуір, 2014 ж.***

***БІР-ЕКІ АУЫЗ КАЛЖЫҢ СӨЗ***
***КУРБЫЛАРҒА:***

***«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»,***
***Көргім келеді айтылған сөздің күшін,***
***Ұрып қалса дәл төбеден кейбіреуді,***
***Зіл сақтама қалжың ҒОЙ, ОНЫ түсін!***

***Елуде ел ағасы, тон жағасысың,***
***Одан әрі аласұрып жүрір алпысқа да келерсің,,***
***Жетпісіңде не жемедің, не демедің,***
***Сексеніңде жермен-жексенсің***

***Тоқсанында тоңкалаң асуға даярсың,***
***Жүзге келгенде терең суда әрең жүзгендей,***
***Қимылдауды, қылмыңдауды***
***тек түсіңде ғана көрерсің.***

***А.Р.***
***19.04.2012 ж.***



## ҚазҰМУ-да академик Алшынбай Рақышұлы Рақышевқа арналған мемориалдық тақта ашылды

17.04.2025




2025 жылғы 17 сәуір күні Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде медицина ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Алшынбай Рақышұлы Рақышевтің құрметіне мемориалдық тақтаның ашылу салтанаты өтті.












Алшынбай
Рақышев

## Рақышев Алшынбай Рақышұлының оқулықтар және оқу-әдістемелік еңбектері

1960

1. Рахишев, А.Р. К морфологии тазового сплетения [Текст]: Автореферат дис. на соис. уч. степ. канд. мед. наук / А.Р. Рахишев.- Ташкент, 1960.- 21 с.

1963

**2.** Рақышев, А. Анатомия терминдерінің қазақша-орысша- латынша сөздігі [Мәтін]. 1-бөлім. Қозғалу мүшелері: Казахско-русско-латынский словарь анатомических терминов / А. Рақышев.- Алматы: қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1963.- 88 б.

1966

3. Рақышев, А.Р. Анатомия терминдерінің қазақша-орысша- латынша және латынша-орысша-қазақша сөздігі: [Мәтін] = Казахско-русско-латынский и латинско-русско-казахский словарь анатомических терминов. 1-бөлім: сөздік / А.Р. Рақышев.- Алматы: Мектеп, 1966.- 159 б.

1971

4. Рахишев, А. Морфология тазового сплетения [Текст] /А. Рахишев.- Алма-Ата: Казахстан, 1971.- 135 с.

1972

5. Общие закономерности морфогенеза и регенерации: Сборник посв. 50-летию образ. Союза Советских Социалистических Республик. /Ред.кол. А.Р. Рахишев и др.- Алма-Ата, 1972.- 257 с.

1975

**6.** Браун, А.А. Клетки и ткани живого организма [Текст] / А.А. Браун, А.Р. Рахишев.- Алма-Ата: Казахстан, 1975.- 229 с.

1977

7. Андронова Н.А. Русско-казахский словарь медицинской лексики. Алма-Ата. /Под общ.ред. А.Р. Рахишева, Д.Т. Турсунова.- Алма-Ата: «Мектеп», 1977.- 126 с.
8. Биологическое действие лазерного излучения: экспериментальные и клинические аспекты. Посвящается 60-летию Великого Октября. /Отв.ред. А.Р. Рахишев.- Алма-Ата. 1977. – 153 с.

1992

9. Рақышев, А.Р. Анатомия терминдерінің сөздігі - Словарь анатомических терминов (Казахско русско-латинский, русско -латино-казахский, латино -русско -казахский) [Мәтін] / А.Р. Рақышев.- Алма-Ата: Рауан, 1992.- 143 б.

1994

10. Рақышев, А.Р. Адам анатомиясы (1 кітап): [Текст]: Медициналық жоғары оқу орындарының... студент. арналған оқу құралы /А.Р. Рақышев.- Алматы: Білім, 1994.- 416 б.
11. Рақышев, А.Р. Анатомия терминдерінің сөздігі [Мәтін] /А.Р. Рақышев.- Алматы: Демеу, 1994.- 144 б.
12. Рақышев, А.Р. Организмнің нәзік құрылысы.Гистология [Мәтін]: Учебник / А.Р. Рақышев.- Алматы: Санат, 1994.- 168б.
13. Рахишев, А.Р. Словарь анатомических терминов [Текст] /Алшынбай Рахишевич. Рахишев.- Алматы: Рауан, 1994.- 143 с.

1995

14. Ракышев, А. Адам анатомиясы.(II кітап) [Мәтін] /А. Ракышев.- Алматы: Білім, 1995.- 272 б.
15. Айтбембетов, Б. Клиникалық терминдердің орысша-қазақша қысқаша сөздігі [Текст] / Б. Айтбембетов, А. Рахишев.- Алматы, 1995.- 68 с.
16. Айтбембетов, Б. Краткий русско-казахский словарь клинических терминов (А-Я) [Текст] / Б. Айтбембетов, А. Рахишев.- Алматы, 1995.- 68 с.

1999

17. Муминов, Т. Медицинский словарь [Текст]: Русско-казахский /Т. Муминов, А. Рахишев.- Каз.Гос.Мед.ун-т им. С.Д. Асфендиярова.- Алматы: Атамұра, 1999.- 312 с.

2003

18. Момынов, Т.А. Ағылшынша-қазақша медициналық сөздік. [Мәтін]: С.Ж. Асфендияров ат-ғы Қаз.ҰМУ /Т.А. Момынов; А.Рақышев, Г.Ақжігітов.- Алматы: "Кітап баспасы", 2003.- 600 б.
19. Рахишев, А. Международная анатомическая номенклатура [Текст] /А. Рахишев.- Алматы: Асем-систем, 2003.- 296 б.

2004

20. Рақышев, А.Р. Адам анатомиясы [Мәтін]. 1-кітап: Оқулық. /А.Р. Рақышев; С.Ж.Асфендияров ат-ғы ҚазҰМУ.- Алматы: ҚазҰМУ, 2004.- 420 б.
21. Рақышев, А. Адам анатомиясы [Текст]. 2-кітап: Медициналық ЖОО сонымен бірге биология пәні оқылатын оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / А. Рақышев; С.Ж.Асфендияров ат-ғы ҚазҰМУ.- Алматы: ҚазҰМУ, 2004.- 432 б.

2006

22. Рақышев, А.Р. Адам анатомиясының атласы: [Текст] = Атлас анатомии человека:. Том 1. Тірек және қимыл мүшелері - Органы опоры и движения: Оқу құралы: Оқулық / А.Р. Рақышев.- Алматы: "Кітап" баспасы, 2006.- 320 с.
23. Рақышев, А.Р. Адам анатомиясының атласы, латын, қазақ және орыс тілдерінде [Текст] = Атлас анатомии человека на латинском, казахском и русском языках. Т 2. Ішкі ағзалар, внутренние органы: Медициналық ЖОО сонымен бірге биология пәні оқылатын оқу орындарының студенттеріне арналған:: Оқу құралы / А.Р. Рақышев.- Алматы: "Кітап баспасы", 2006.- 320 б.
24. Рақышев, А. Адам анатомиясының атласы, латын, қазақ және орыс тілдерінде [Текст]. Т.3. Жүрек - тамырлар жүйесі - Сердечно-сосудистая система = Атлас анатомии человека. (На лат., каз., рус.яз.): Медициналық ЖОО сонымен бірге биология пәні оқылатын оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы /А. Рақышев; ҚазҰМУ им.С.Д.Асфендиярова.- Алматы: "Кітап" баспасы, 2006.- 320 б.
25. Рақышев, А. Адам анатомиясының атласы. [Текст]. Т4. Атлас анатомии человека.(На лат., каз., рус.яз.) / А. Рақышев.- Алматы, 2006.- 304с.

2009

26. Рақышев, А. Адам анатомиясы [Мәтін]. 1-кітап: Медициналық ЖОО сонымен бірге биология пәні оқылатын оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / А. Рақышев.- түзетілген ж/ә толықтыр. 2-ші басылым.- Алматы: ТОО "Издательская компания "HAS", 2009.- 420 б.
27. Рақышев, А. Адам анатомиясы [Мәтін]. 2-кітап: Медициналық ЖОО сонымен бірге биология пәнін оқылатын инс-т студен-не арн. оқулық / А. Рақышев.- 2-ші түзетілген ж/е толықтырылған бас.- Алматы: ҚазҰМУ, 2009.- 432 б.

2011

28. Қияшев, Д.Қ. Фармация және фармакология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі [Мәтін]: ҚР. ДСМ. С.Ж. Асфендияров ҚазҰМУ / Д.Қ. Қияшев, М.Д. Қияшев; Жалпы ред.басқарған А.Р.Рақышев.- Алматы: Литтера, 2011.- 196 б.
29. Рақышева, А. Адам анатомиясындағы халықаралық атау-терминдер. (Латын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) [Текст] / А. Рақышева.- Алматы: Кітап, 2011.- 328 б.
30. Рақышев, А.Р. Адам анатомиясындағы халықаралық атау-терминдер [Мәтін] / А.Р. Рақышев.- Алматы: Кітап, 2011.- 328 б.
31. Рақышев, А.Р. Қалыпты анатомия кафедрасының мемлекеттік тілдің қолдану аясын дамытуға қосқан үлесі [Мәтін] / А.Р. Рақышев, Б.Ш. Шәкенов // Қазақстан Республикасындағы ұлттық медициналық терминологияның қалыптасуы мен даму жолдары: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары 22 сәуір, 2011 ж.- 2011.- Б.239-240.

2014

32. Рақышев, А.Р. Адам денесі [Мәтін] = Сүйектер туралы ілім.Сүйектер қосылысы туралы ілім.Бұлшықеттер туралы ілім: Оқулық : в 3-хт. Т 1 / А.Р. Рақышев.- Москва: ГЭОТАР-МЕДИА, 2014.-456 б.
33. Рақышев, А.Р. Адам денесі [Мәтін]. 3-томдық. Том 2. Асқорыту жүйесі.Тыныс алу жүйесі. Несеп-жыныс жүйесі. Эндокриндік бездер. Тамырлау туралы ілім. Лимфа жүйесі: Оқулық. /А.Р. Рақышев.- 3-ші басылым.- Москва: ГЭОТАР-МЕДИА, 2014.- 472 б.

2015

34. Рақышев, А.Р. Адам денесі. 3 томдық [Мәтін]. Т. 2. Асқорыту жүйесі. Тыныс алу жүйесі. Несеп-жыныс жүйесі. Эндокриндік бездер. Тамырлау туралы ілім. Лимфа жүйесі: оқулық / А.Р. Рақышев.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 472 б.
35. Рақышев, А.Р. Адам денесі [Мәтін]. 3 томдық. Том 3. Жүйке жүйесі. Сезім мүшелері: С.Ж.Асфендияров ат-ғы ҚазҰМУ /А.Р. Рақышев.- М.: ГЭОТАР-МЕДИА, 2015.- 376 б.

2021

36. Қалдырған ізің мәңгілік. Академик НАН РК, профессор Рахишев Алшынбай Рахишевич [Мәтін]: Ғалым, ұстаз Алшынбай Рақышевті еске алғанда.- Алматы, 2021.- 48 б.



**МАЗМҰНЫ**


1. Рақышев Алшынбай Рақышұлы өмірбаяны ----------------------------3-4

2. Биография академика Алшынбая Рахишева ---------------------------5-32

3. ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...
   (Ғалым-ұстаз Алшынбай Рақышұлын еске алғанда) -----------------33-35

4. ТУҒАН ЖЕР - АЛТЫН БЕСІГІМ ---------------------------------------36-46

5. ҚазҰМУ-да академик Алшынбай Рақышұлы
   Рақышевқа арналған мемориалдық тақта ашылды -------------------47-48

6. Рақышев Алшынбай Рақышұлының оқулықтар
   және оқу-әдістемелік еңбектері ---------------------------------------------49-53

# С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

## РАҚЫШЕВ АЛШЫНБАЙ РАҚЫШҰЛЫ

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ




**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті**

**Алматы қаласы, Төлеби көшесі, 88**